

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2019 жылғы 26 ақпандағы № 45/4-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 7 наурызда № 5755 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 69/18-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 02.07.2020 № 69/18-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымша реттелсін.

2. "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларды өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Зырян ауданының мәслихатының 2016 жылғы 10 наурыздағы № 58/2 – V шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4488 тіркелді, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2016 жылғы 18 сәуірде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Алтай ауданының мәслихаты хатшысы

Л. Попова

Л. Гречушникова

Алтай

ауданының мәслихатының
2019 жылғы 26 ақпандағы
№ 45/4-VI шешіміне қосымша

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібін реттеу

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

2. Алтай қаласында митингілер және жиналыстар өткізілетін орындар: қаланың орталық алаңы, Мәдениет Орталығының алаңы, Тәуелсіздік Аллеясының алаңы, "Горняк" стадионы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 16.10.2019 № 54/3-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Шерулер мен и демонстрациялар мына маршрут бойынша өтеді:

Алтай қаласында - қаланың орталық алаңынан бастап Тәуелсіздік көшесі бойымен Мәдениет Орталығына дейін.

4. Жиналыстарды, митингілерде, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтайды.

5. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

- 1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;
- 2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;
- 3) Алтай ауданының жергілікті атқарушы органдардың рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;
- 4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;
- 5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;
- 6) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы азаматтарға, және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;
- 7) егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарымен өзге де нормативтік актілердің

басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, оларды өткізуге тыйым салынады.

6. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізілетін жерлерде алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың үйлестіктерін пайдалануға; қоғамдық тәртіпті бұзуға, қоғамға қарсы мінез-құлыққа және басқа құқықбұзушылыққа шақыратын транспоранттар, ұрандар, басқа да материалдар пайдалануға (визуалды, аудио/видео), сондай-ақ, көпшілік алдындағы сөздерге жол берілмейді.

7. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсаттарға сәйкес өткізілуі тиіс.

8. Пикет өткізу кезінде:

1) пикет өткізу объектісінің жанында тұруға, отыруға;

2) көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;

3) қысқа ұрандар айтуға, пикеттің тақырыбы бойынша ұрандар айтуға рұқсат етіледі.

9. Пикетті тұрпатын өзгерту/өзге түрде жалғастыру үшін митинг/ жиналыс/ шеру жергілікті атқарушы органның белгіленген тәртіптегі рұқсатын алу қажет.

10. Бұқаралық шараларды темір жол су және әуе көлігінің объектілерінде, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді.

11. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, оларды өткізу тәртібі бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Алтай ауданының жергілікті атқарушы орган өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылады.

12. Алтай ауданының жергілікті атқарушы орган өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.